

**«КАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІ ҮШІН АҚПАРАТТЫҚ
ХАБАРЛАМА**

«КАЗКОММЕРЦБАНК» АҚ АКЦИЯЛАРЫН САТУ ТУРАЛЫ ҰСЫНЫС

10 шілде

2017 жыл

Осы арқылы «Қазақстан Халық жинақ банкі» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Банк) (Қазақстан Республикасы, А26МЗК5, Алматы қ., Медеу ауданы, Әл-Фараби даңғ., 40 үй) 2017 жылғы 05 шілде күні қайталама нарықта «Казкоммерцбанк» АҚ-тың 772 093 590 дана жай акциясын (772 093 590 дана дауыс беруші акциясын) (соның ішінде негізгі активі «Казкоммерцбанк» АҚ жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар нысанында) сатып алуына байланысты, және «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 3-тармағының талаптарын орындау мақсатымен «Казкоммерцбанк» АҚ қалған акционерлеріне (жай және артықшылықты акция ұстаушылары) оларға тиесілі «Казкоммерцбанк» АҚ-тың акцияларын, қоса беріліп отырған "Казкоммерцбанк" АҚ акционерлері үшін ақпараттық хабарламада баяндалған келесі шарттарда сатуды ұсынады:

1. Сатып алуға ұсынылатын акциялардың түрлері: «Казкоммерцбанк» АҚ жай акциялары (НИН KZ1C00400016) (соның ішінде негізгі активі «Казкоммерцбанк» АҚ жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар) және «Казкоммерцбанк» АҚ артықшылықты ациялары (НИН KZ1P00400211) (соның ішінде негізгі активі «Казкоммерцбанк» АҚ жай акциялары болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттар) (бұдан әрі бірлесіп «Акциялар» деп, ал жеке «Жай акциялар» және «Артықшылықты акциялар» аталады).
2. Акцияларды сатып алу бағасы: 1 (бір) Жай акция үшін 142,67 теңге және 1 (бір) Артықшылықты акция үшін 71,55 теңге, бұл 2017 жыл 4 шілденің алдындағы 90 күн ішіндегі «Қазақстан қор биржасы» АҚ-тың орташа өлшемді бағасы болып табылады.
3. Жай акциялардың және/немесе Артықшылықты акциялардың ұстаушысы оған тиесілі Акцияларды сату туралы Банктің ұсынысын қабылдау құқығына ие мерзім: 2017 жыл 9 тамыз 18:00 дейін (Астана уақытымен) (оларды Банкке сату туралы ұсыныс жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде).
4. Акцияларды сатып алу шарттары: ұйымдаспаған нарықта.

Акцияларды Банкке сату мақсатында «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлері Банкке белгіленген мерзімде «Казкоммерцбанк» АҚ акцияларын сатуға өтініш беруі тиіс, өтініш осы ақпараттық хабарламаға қоса тіркеледі.

«Казкоммерцбанк» АҚ акцияларын сатуға өтініш нысанын алу үшін Банктің <https://halykbank.kz> корпоративтік веб-сайтына жүгіну және онда орналастырылған өтініштің электронды нысанын басып шығару қажет немесе Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Медеу ауданы, Әл-Фараби даңғ., 40 үй мекенжайы бойынша орналасқан «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың Бас офисінің немесе «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-тың

облыстық/өңірлік филиалдарының Дербес сервис орталықтарының қызметкерлеріне жүгіну қажет, орталықтардың тізімін сілтеме арқылы алу мүмкін:

<https://www.halykbank.kz/ru/about/shareholders> (орыс тілінде);

<https://halykbank.kz/kz/about/shareholders> (қазақ тілінде).

Акцияларды сату-сатып алу мәмілесін бекіту үшін «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлері Банкке, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін (жеке тұлға үшін), акционердің-заңды тұлғаның мемлекеттік тіркеуі (қайта тіркеуі) туралы куәлігінің немесе анықтамасының көшірмесін, акционердің-заңды тұлғаның басшысының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесін тапсырулары тиіс. Бұл ретте Банк өзінің ішкі құжаттарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлерінен Акцияларды сату-сатып алу мәмілесін бекіту үшін қажетті өзге құжаттарды беруді талап етуге құқылы.

Қажетті мәліметтер көрсетілмеген, немесе белгіленген мерзімді бұза отырып берілген Өтініштерді қабылдаудан бас тартылуы мүмкін.

Сатып алынатын Акциялардың төлемі, бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесінде ашылған Банктің есебіне сатып алынатын Акциялар қабылданғаннан кейін Банк тарапынан жүзеге асырылатын болады.

Жоғарыда көрсетілген мерзімде «Казкоммерцбанк» АҚ акцияларын сатуға өз өтініштерін бермеген «Казкоммерцбанк» АҚ акционерлері осы ұсыныстан бас тарты деп есептеледі.

Негізгі активі Жай акциялар, сондай-ақ Артықшылықты акциялар («ЖДҚ») АҚ болып табылатын жаһандық депозитарлық қолхаттардың ұстаушылары осы ұсыныстың қолдану мерзімі аяқталғанға дейін ЖДҚ-ды Акцияларға айырбастаған жағдайда «Казкоммерцбанк» АҚ қалған акционерлерімен тең жағдайда осы ұсынысты пайдалану құқығына ие. Осы ұсынысқа сәйкес кез келген осындай айырбасталған Акцияларды сату құқығын іске асыру үшін, ЖДҚ ұстаушысы оған тиесілі ЖДҚ айырбастау үшін, drglobaltransactions@bnymellon.com, эл. почтасы арқылы, ЖДҚ депозитарийі болып табылатын "Бэнк оф Нью-Йорк Меллон" (The Bank of New York Mellon) банкіне жүгінуі қажет. Банк сондай-ақ ЖДҚ ұстаушыларына олардан кез келген ЖДҚ және ЖДҚ-н барлығын сатып алу бойынша жеке ұсыныстар жасады.

Акцияларды сату туралы осы ұсыныстың бірде-бір ережесі кеңес немесе ұсыным түрінде қарастырылмауы тиіс. Осы Акцияларды сату туралы ұсынысқа байланысты қандай да бір шешім қабылдағанда немесе қандай да бір іс-әрекетті іске асырғанда, «Казкоммерцбанк» АҚ акционері кеңес алу үшін өзінің қалауынша заңгерлік, салықтық және қаржылық кеңесшіге жүгінуге құқылы.

Осы ұсынысқа сәйкес жасалған осы ұсыныс және Өтініш Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі және түсіндіріледі. Осы ұсыныста және (немесе) онымен байланысты туындауы мүмкін болған барлық даулар немесе келіспеушіліктер Қазақстан Республикасының соттарында қаралуы тиіс.

Осы ұсынысқа байланысты сұрақтар туындаған жағдайда, немесе қосымша ақпарат немесе ұсыныста көрсетілген құжатты алу қажет болған жағдайда, Топтың капиталын басқару департаментінің Директоры Анна Бородовицынаға мына телефон нөмірлері бойынша хабарласуыңызды сұраймыз: +7 (727) 259 05 99, +7 (727) 330 10 91; эл. почта halykbank@halykbank.kz.

«Казкоммерцбанк» АҚ АКЦИЯЛАРЫН САТУҒА ӨТІНІШ

_____ к.

«____» _____ 2017 жыл

_____ Резидент

_____ Резидент емес

Өтініш беруші:

1. Заңды тұлғалар үшін:

1) атауы:

2) орналасқан орны, байланыс телефондары:

3) бірінші басшының Т.А.Ә.:

4) БСН:

5) банктік деректемелер:

▪ Банктік шоттың нөмірі (IBAN):

▪ Алушының банкі:

▪ БСК:

▪ Банктің коды:

▪ БСН/ССН:

▪ Резиденттің коды:

▪ КБЕ:

▪ Төлем мақсатының коды:

6) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесіндегі шот нөмірі (орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде):

2. Жеке тұлғалар үшін:

1) Т.А.Ә.:

2) орналасқан орны, байланыс телефондары:

3) ЖСН:

4) жеке басын куәландыратын құжаттың деректемелері (аталған құжаттың көшірмесін қоса тіркей отырып):

5) банктік деректемелер:

▪ Банктік шоттың нөмірі (IBAN):

▪ Алушының банкі:

▪ БСК:

▪ Банк коды:

- БСН/ССН:
- Резидент коды:
- КБЕ:
- Төлем мақсатының коды:

б) бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімі жүйесіндегі шот нөмірі (орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде):

Осы арқылы «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-қа (бұдан әрі – Банк) маған тиесілі

(_____) дана

(сатылымға шығарылған акциялардың саны цифрлармен және жазбаша көрсетіледі)

«Казкоммерцбанк» АҚ _____ (акцияның түрін көрсету)
(НИН _____)

_____ жарияланған Банк ұсынысында қарастырылған шарттарда
(_____)

теңге мөлшеріндегі мәміленің жалпы сатып алу сомасына сатуға өз келісімімді білдіремін және сатылатын «Казкоммерцбанк» АҚ _____ (акцияның түрін көрсету) қатысты қандай да бір ауыртпалық жоқ екендігін растаймын және кепілдік беремін.»

Ескертпе:

1) Банк Өтініш берушінің акцияларын сатып алуды жүргізуден бас тартуға немесе жүргізуді тоқтатуға құқылы, егер Банк мұндай бас тартуды немесе тоқтатуды кез келген елдің санкциясына (мысалы, ОФАС) немесе қолданысы Банк және Өтініш берушіге таратылатын халықаралық ұйымдардың (ФАТФ және БҰҰ қоса алғанда, бірақ мұнымен шектелмей) юрисдикциясына сәйкес салынған санкцияларға сәйкес жүзеге асырса. Бұл ретте Банк жоғарыда көрсетілген санкцияларға байланысты Өтініш берушінің акцияларын сатып алуды тоқтату немесе орындаудан бас тарту салдарынан Өтініш берушінің шеккен залалдары үшін жауапкершілік көтермейді;

2) «Казкоммерцбанк» АҚ _____ (акцияның түрін көрсету) сату-сатып алу мәмілесін тіркеуге байланысты шығыстарды осы мәміленің тараптары өз бетінше көтереді.

Қолы _____ Күні «__» _____ 2017 жыл

М.о. (бар болған жағдайда)

Дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім

Осы арқылы, 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Банкке, «Казкоммерцбанк» АҚ _____ (акция түрін көрсету) сату мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына және/немесе Банктің ішкі құжаттарына сәйкес, Банкте осындай дербес деректерді жинауға, өңдеуге қажеттілік туындайтын өзге жағдайларда, Өтінішке қойған Өтініш беруші және/немесе Өтініш берушінің өкілі туралы дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін береді.

Өтініш берушінің және/немесе Өтініш берушінің өкілінің дербес деректерін жинау және өңдеу Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін әдістермен Банк тарапынан іске асырылады.

**Өтініш берушінің/
Өтініш берушінің
өкілінің қолы**

_____ (_____
(субъект өз қолымен Т.А.Ә. көрсетеді (әкесінің аты – бар болса), қолы қойылады)

_____ күні)

Осы келісім «Қазақстан Халық Банкі» АҚ тарапынан қабылданды,

_____ (осы келісімді қабылдаған Банк қызметкерінің лауазымы, Т.А.Ә. көрсетіледі және қолы қойылады)

ӨТІНІШТІ ҚАБЫЛДАУ ТУРАЛЫ БАНКТІҢ БЕЛГІСІ

Өтініш қабылданған уақыт және күн: _____

Өтінішті қабылдаған Банк қызметкерінің Т.А.Ә. және қолы: _____